

**Утемғалиева Насихат Адайхановнаның «6D021300 – Лингвистика»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу
үшін «Білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология:
семантикалануы және бейімделуі» атты диссертациясына
ғылыми жетекшінің**

ПІКІРІ

Терминдер кез келген тілдің кәсіби дәрежеде қолданыс табатын негізгі қабаты. Жалпы адамзат өмір сүретін қоғам дамыған сайын, сол қоғамды қозғаушы күштің бірі болып табылатын тіл – түрлі кәсіби салалық терминдермен байытыла түседі. Қазіргі жаһандану тек ақпараттық технологиялар саласында ғана емес, сонымен қатар білім саласында да біртұтас кеңістіктің құрылуына алып келе жатыр. Бұл құбылыстың бір дәлелі Қазақстан Республикасының білім жүйесі әлемнің басқа елдерімен бірге Болон үдерісіне негізделген және бірыңғай академиялық терминология құрылуда. Қазақстанның жоғары оқу орындары Болон үдерісіне көшуіне байланысты білім беру жүйесінің терминологиялық қоры жаңа терминдермен толықты. Болон үдерісіне дейін қолданылған терминдер өзгеріске түсті, тіпті кейбір терминдер қолданыстан шығып қалды. Болон үдерісі – еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы-еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үдерісінің көрінісі. Қазақстан Болон Декларациясына 2010 жылы қол қойып, оның 47-мүшесі болды. Қазақстанда Болон декларациясының принциптеріне негізделген мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылды: бакалавр, магистр және PhD доктор. Осыдан бастап, академиялық мектептің сөздік қоры біртіндеп дамып, тіліміз қаншама академиялық терминдермен толығы бастады.

Докторант Утемғалиева Насихаттың зерттеу жұмысы осы тақырыпқа арналған. Яғни, диссертация білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология: семантикалануы және бейімделуін анықтауға бағытталған.

Тақырыптың тіл біліміндегі өзектілігі еш талас тудырмайды. Себебі, академиялық терминдер – Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігіне қарасты академиялық мектептердің барлығында дерлік білім беру жүйесінде қолданылатын – академиялық терминдер корпусы.

Жоғарғы оқу орындарындағы білім беру дискурсы білім беруші оқытушы мен білім алушы студент арасындағы концептуалдық жүйе мен кәсіби білім берудің өзара байланысымен анықталады. Университеттік білім беруді ұйымдастыру дискурсында бір жағынан педагогикалық, екінші жағынан ғылыми, яғни теориялық білім беру, айтылған ойды дәлелдеп айту, терминдерді қолдану сипаты басым болады. Білім беру дискурсының тағы бір ерекшелігі – жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіне практикалық және әдістемелік сипат тән, өйткені кәсіби өмірге дайындау мақсатында әртүрлі дәрісханалық оқыту нұсқалары жүзеге асырылады. Диссертациялық жұмыста аталған дискурстық платформадағы терминологиялық бірліктер семантикалық және бейімділік жағынан кешенді түрде қарастырылады.

Диссертанттың ғылыми жұмысындағы алға қойған мақсаты мен міндеттеріне, ашқан ғылыми жаңалықтары мен қол жеткізген нәтижелері тақырып өзектілігін дәлелдей түседі.

Жалпы Н.А. Утемғалиеваның ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандылығы мен орынды пайдаланулары байқалады. Кіріспе бөліміндегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері және тұжырымдары негізгі бөліммен байланысқан. Яғни, алға қойылған міндеттері орындалып, өз мақсатына жете білді деп есептеймін. Сондай-ақ, ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары айшықты орын тапқан. Диссертацияны жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кең қарастырылды. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді. Зерттеу тақырыбы күрделі болғанымен де Н.А. Утемғалиева бұл мәселені толығымен орындап шықты.

Ізденуші өз мақсатына жету үшін бірқатар жұмыстарды атқарды. Соның ішінде, академиялық терминдерге жасаған семантикалық, компоненттік талдаулары, ЖОО білім алушыларға жүргізген сауалнамалары диссертанттың тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында қарастырған зерттеулері өз кезегінде тіл біліміндегі жаңа бағыттардың, жаңа зерттеулердің тууына ықпал етеді, яғни жұмыстың келешегі бар екендігін байқатады.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған. Н.А. Утемғалиеваның тілі жатық, стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы ретінде «Академиялық терминдер сөздігі» және ашық қолданыстағы <https://apps.apple.com/us/app/академиялық-терминдер/id1645797355> сандық мобильді қосымшасы дайындалды.

Академиялық теорминология мәселелері әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет ететін ғылыми тақырып. Өйткені диссертант Н.А. Утемғалиева алғаш рет академиялық терминологияны тек екі ЖОО терминдері негізінде зерттеді. Ары қарай жалғастыру ол болашақтың ісі. Докторант Н.А. Утемғалиеваның ғылыми докторлық диссертациясы білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминологияның семантикалануы және бейімделуін зерттеуі тың және алғашқы кешенді зерттеуге жататындықтан, өзектілігінің мәні зор деп есептейміз. Осы айтылғандарды ескере келе, ізденуші Н.А. Утемғалиеваның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші
Филол. Ғ. Қызылбаева

Заберию

Начальник управления подготовки и
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

« 27 »

06

20 22 ж.г.



С.Б. Бектемирова